

**Новокубанка жалпы орта білім беретін мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі Бапарқызы Сағыныштың
0 «А» сынып оқушыларының
жылдық қорытынды
есебі**

2023-2024 оқу жылында 0 «А» сыныбына 11 оқушы қабылданды. Олардың 4 қыз бала, 7 ұл бала. Мектепалды даярлық сыныбы мектептегі барлық іс шараларға жыл бойы белсене қатысып отырды, айта кететін болсақ «Алтын Күз» мерекесі, «Жаңа жыл» мерекелері атап өтілді. Көктемнің алғашқы мерекесі 8-Наурыз мейрамын мектепалды тобының қыз баларымен солардың аналарының қатысуымен өткізілді, 22- наурыз меркесіне де белсене қатысып отырды және де спорттық жарыс түрлері ұйымдастырылды, Жеңіс күніне де, отан қораушылар күніне де белсене қатысып отырды. Мектепалды даярлық тобы 5 сала бойынша жұмыс жасайды; **Денсаулық. Коммуникация. Шығармашылық. Әлеуметтік орта. Таным**

Жыл басында балалар денсаулық саласы бойынша: жүруді (тез, жылдам, аяқтың ұшымен, тізерлеп, жүгіру) біледі, бірақ баяу, сенімсіздік басым болатын. 1-тоқсанның ортасында балалардың спортқа деген ынталары көтерілді; себебі, оларға сапқа тұру, сап түзеу, саппен жүру, таңертеңгілік гимнастикаларды жасап, спорт залда ойнаған олар үшін таңсық жағдай болды. Уақыт өте келе балалар спорттың адам өміріне пайдасы зор екенін түсіне білді.

Қатынас білім беру саласы бойынша айтатын болсақ, жыл басында балалардың көпшілігі әріпті танымайтын, ойын ашық жеткізе алмайтын, ұяң, тілдері дұрыс дамымаған болатын. Балалар екінші тоқсаннан бастап қана бір-біріне, мұғалімге үйренісіп, ашыла бастады. Мәтіндер бойынша әңгімелеуді, ойларын толық жеткізуді үйренді. 3-тоқсанның аяғына дейін балалардың басым бөлігі әріптерді танып, олардың дауысты немесе дауыссыздарын ажыратып, дыбыстық талдау жасап, буынға бөлетін болды.

Шығармашылық білім беру саласы бойынша. Балалардың құзіреттілік көрсеткіштері өте жақсы, балалар әуенді мұғаліммен қосылып айта алады, әуенімен орындай алады. Сонымен қатар қазақтың ұлттық аспаптарын, ойындарын таниды.

Әлеуметтік білім беру саласында: барлық балалар өз беттерінше әрекет ете алады, достарымен сыныптастарымен жақсы қарым қатынаста. Олар бірімен жақсы араласады, әңгіме айтады, ойнайды. Барлығының тәрбиелері жақсы және сөйлеуге үйренген. Үлкендермен амандасуды, сыйлауды біледі. Таным білім беру саласы бойынша көрсеткіштер, балалар 1-20 дейінгі сандарды таниды, 1-20 дейін

сандарды қосып алады, сонымен қатар пішіндерді таниды, ажырата алады. Мысалдар мен есептер құрастыра алады және оларды шеше алады. Балалардың даму үлгерімі мен оқу үлгерімдері бойынша мынандай деңгейді көрсетеді:

-сыныпта тыңдалым жақсы

-әр бала өзінің не істеп жатқанын түсінеді, белгілі бір білім қорына ие

-әр бала өзінің білетінін жасай алады

Осы білім салаларысы бойынша мектепалды даярлық тобы жақсы көрсеткіштерді көрсетеді.

